


# **Семинар 9 Азаматтық істі бірінші сатыдағы сотта қарау, қозғау**


Орындаған: Студент Мералы Ислам  
ПД-313

Тексерген: Калияуов Женис Тлеугазыевич



# Жоспар:

## ▣ Негізгі сұрақтар:

- ▣ 1. Азаматтық істерді бірінші сатыдағы сотта қараудың түсінігі және маңызы.
  - ▣ 2. Сот шешімінің түрлері мен мазмұны.
  - ▣ 3. Азаматтық істерді сырттай іс жүргізу тәртібімен қараудың сот тәжірибесі. Отырыстың уақыты мен орны туралы.
- 

□ **Сотта іс қарау**, яғни сот талқысы азаматтық іс жүргізудің маңызды кезеңі болып табылады, онда ең алдымен сот мәжілісінде істі қарау барысында сот субъективті құқықтар және қорғалатын мүдделерді қорғау, тәрбиелік әрекеттер жүзеге асыру бойынша негізгі міндеттерді орындайды. Мұнда әділ соттың барлық қағидалары толығымен әрекет етеді, дәлелдемелерді жан - жақты және объективті зерттеулер негізінде істі дұрыс шешу үшін маңызды болып табылатын мән - жайлар анықталады, нақты құқықтардың негізінде тараптардың құқықтары мен заңды міндеттері анықталады және дау бойынша сот мемлекет атынан шешім шығарады.

- Осы сатыда сот төрелігі жүзеге асырылады. Мұнда негізінен заңдарды бұлжытпай орындау және жалпыға бірдей әрекеттерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында соттар азаматтар санасына әсер тигізуін қамтамасыз етеді.
- Істі негіз бойынша қарау төрағалық етушінің іс материалдарын жариялаудан басталады. Тараптардың түсініктерінде мыналар қамтылуы тиіс, талаптың мәнісі және жауапкердің қарсылығы, талапты және қарсылықты негіздейтін мән - жайлар. Іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін тыңдай отырып, судья істің мән - жайларын зерттеуге, дәлелдемелерді қарастыруға және тексеруге кіріседі.

- ▣ **Бірінші сатыдағы сот қаулысы-бұл іс бойынша сот ісі барысында сот төрешілері мен соттардың жазбаша пайымдауларын немесе ерік жігерлерін білдіретін сот өкіметінің актілері және азаматтық іс жүргізу заңдылықтарының негізінде іске қатысушыларға жеке нақты бір іс жүргізу актісі түріндегі өкімді өкілеттіктерді қолдану.**

**Бірінші сатыдағы сот қаулысы-бұл** іс бойынша сот ісі барысында сот төрешілері мен соттардың жазбаша пайымдауларын немесе ерік жігерлерін білдіретін сот өкіметінің актілері және азаматтық іс жүргізу заңдылықтарының негізінде іске қатысушыларға жеке нақты бір іс жүргізу актісі түріндегі өкімді өкілеттіктерді қолдані. Сотың мұндай актілеріне мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, өзге заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалармен азаматтар үшін міндетті және ҚР-ның барлық аумағында мүлтіксіз орындауға тиісті шешім. Бірінші сатыдағы соттың апелляциялық шағымды, наразылықты алғаннан кейінгі әрекеті.

Мерзімінде берілген және АПК 334-бабының екінші бөлігінің және 335-бабының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағымды немесе наразылықты алғаннан кейін судья:

1) шағымның, наразылықтың және оған қоса тіркелген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін келесі күннен кешіктірмей іске қатысушы адамдарға жіберуге;

2) шағымдануға, наразылық келтіруге белгіленген мерзім өткеннен кейін істі апелляциялық сатыға жіберуге міндетті.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымына жеке шағым, наразылық шағым жасалып отырған ұйғарым шығарылған күннен бастап он күн ішінде жоғары тұрған сотқа беріледі. Қарау нәтижелері бойынша:

1) ұйғарымды (қаулыны) – өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру;

2) ұйғарымның (қаулының) күшін толықтай немесе бір бөлігінде жою және мәселені бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу;

3) ұйғарымның (қаулының) күшін толықтай немесе бір бөлігінде жою және мәселені мәні бойынша шешу;

4) ұйғарымды (қаулыны) өзгерту туралы ұйғарым шығарылады.

# Сот шешімінің түрлері мен мазмұны.

Судья істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарым шығарады және жүргізілуге тиісті әрекеттерді көрсетеді.

Сот шешім заңды күшіне негенге дейін берген тараптардың жазбаша өтінімдері бойынша не болмаса өзінің ойлауынша кіріспе, сипаттама, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұрады.

Істі мәні бойынша шешу кезінде сот кіріспе, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұратын қысқаша шешім шығарады.

Апелляциялық сатыдағы сот істі қарағаннан кейін оны бірінші сатыдағы сотқа қайтарады.

Қысқаша шешімнің дәлелді бөлімінде сот анықтаған істің мән-жайлар туралы соттың тұжырымдарын растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ сот басшылыққа алған заңдар айтылады.

Шешімнің мазмұны. шешімнің кіріспе бөлімі оның ҚР-ның атынан шығаылатынан басталады.



# Сот шешімінің түрлері мен мазмұны.

Судья істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарым шығарады және жүргізілуге тиісті әрекеттерді көрсетеді. Апелляциялық сатыдағы сот істі қарағаннан кейін оны бірінші сатыдағы сотқа қайтарады. Істі мәні бойынша шешу кезінде сот кіріспе, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұратын қысқаша шешім шығарады. Қысқаша шешімнің дәлелді бөлімінде сот анықтаған істің мән-жайлар туралы соттың тұжырымдарын растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ сот басшылыққа алған заңдар айтылады. Сот шешім заңды күшіне негенге дейін берген тараптардың жазбаша өтінімдері бойынша не болмаса өзінің ойлауынша кіріспе, сипаттама, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұрады.

Шешімнің мазмұны. шешімнің кіріспе бөлімі оның ҚР-ның атынан шығаылатынан басталады. Шешімнің кіріспе бөлімінде:

- 1) оған қол қойған күнмен анықталатын шешімнің шығарылған уақыты;
- 2) шешім шығарылған орын;
- 3) шешім шығарған соттың нақты және толық атауы;
- 4) шешім қабылдаған сот құрамы, тегі, аты, әкесінің аты;
- 5) сот отырысы хатшысының, сот жасауылының тегі, аты, әкесінің аты; 6) талап қою арызындағы дау немесе арыздағы талаптар.

## **Азаматтық істерді сырттай іс жүргізу тәртібімен қараудың сот тәжірибесі.**

Талап арыз іс жүргізуі бойынша азаматтық істерді қарау сотқа талапкердің де жауапкердің де қатысуын қарастырады. Алайда, тараптар әрдайым сот отырысына тікелей қатыса бермейді. Заң шығарушы осындай жағдайларда азаматтық істерді сырттай қарауға жол береді.

Сырттай іс жүргізу тараптардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыруға, жауапкердің өзінің іс жүргізу құқықтарын асыра пайдаланып, істі сөзбұйдаға салмауына ықпал етеді.

**Сырттай іс жүргізу тәртібінде қарау үшін мынадай бес негіз болуы қажет:**

- 1. Жауапкердің сот отырысына келмеуі.**
- 2. Жауапкердің сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар болуы. Бұл ретте, соттың жауапкерге тиісінше хабарланғанын растайтын құжаттардың іс материалдарына тіркелгені туралы нанымды мәліметтері болуы керек.**
- 3. Өзінің сот отырысына келе алмауының орынды себептері туралы жауапкердің хабарламауы.**
- 4. Жауапкердің істі өзінің қатысуынсыз қарауы туралы өтінішінің болмауы.**
- 5. Істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарауға жауапкердің қарсылығының болмауы.**

Іс жүргізу заңымен мынадай **шектеулер** белгіленген: сырттай іс жүргізу бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуге жатады; сырттай іс жүргізу тәртібімен талап арызға негізделген азаматтық істер ғана қаралуы мүмкін; ерекше талап арыз, ерекше іс жүргізу бойынша істерді сырттай іс жүргізу тәртібімен қарауға жол берілмейді. Егер талапкер жауапкердің қатысуынсыз істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарауға келіспесе, сот талқылауды кейінге қалдырып, жауапкерге жаңа сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді. Жауапкер тағы да келмей қалған жағдайда сот істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарауға құқылы. Осындай мән-жайлар кезінде талапкердің пікірін сот анықтамайды. Егер жауапкер сот отырысына келсе, бірақ сот отырысынан ол аяқталғанға дейін өз еркімен кетіп қалса, онда сот істі талқылауды жалғастыра береді, ал осындай отырыста шығарылған шешім сырттай шығарылған деп есептелмейді. Іске бірнеше жауапкер қатысты болып, сот отырысына барлық жауапкерлер келмей қалған жағдайда ғана іс сырттай іс жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін.

Сот істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау туралы ұйғарым шығарады, ол шағымдауға және наразылық келтіруге жатпайды.

Сырттай шығарылған шешімнің мазмұнын реттейді. Сырттай шығарылған шешімдердің деректемелері талап арыз іс жүргізуі бойынша шығарылған шешімдердің құрылымы мен мазмұнына ұқсас, алайда **жекелеген ерекшеліктері** ескерілуі тиіс:

1. Шешімнің кіріспе бөлігінде «Сырттай шешім» деп көрсетіледі.
2. Сипаттама бөлігінде сырттай шығарылған шешімнің негіздемесі баяндалады.
3. Сырттай шешімнің қорытынды бөлігінде жауапкердің шешімнің күшін жою туралы өтініш беруінің мерзімі мен тәртібі көрсетілуі тиіс. Сырттай шешімнің көшірмесі табысталғаны туралы хабар ала отырып, оны шығарғаннан кейінгі үш күннен кешіктірілмей жіберіледі. Осындай мерзім ішінде және осындай тәртіпте сырттай шешім көшірмесі сот отырысында болмаған талапкерге жіберіледі.
4. Сырттай шешім іс талқыланғаннан кейін дереу шығарылуы және түпкілікті нысанда жасалуы тиіс.

**Отырыстың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, келмеуінің белгілі себебі туралы хабарламаған және өзі болмаған кезде істі қарауды сұрамаған жауапкердің сот отырысына келмеуі іс бойынша сырттай іс жүргізу үшін негіз болып табылады.**

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса). Алматы, 2005
- 2. ҚР-ң Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 1999, 13 шілде.
- 3. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. В 2-х томах. – Алматы: КазГЮА, 2001.
- 4. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Ерекше бөлім. Оқу құралы/ Егембердиев, Е.О. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. – 102 б.
- 5. Шакарян М.С. Гражданское процессуальное право РФ. М., 1996.